

# Жеңіс күні құтты болсын!



# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық ағенімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Актив

### Облыстың жаңа әкімін таныстырды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Премьер-министр Қызылорда облысы мәслихаты депутаттарының жиналысына қатысты. Жиында Мемлекет басшысының Қызылорда облысының әкімі лауазымына екі кандидатты: Ардақ Зебешев және Мұрат Ерғешбаевты ұсыну туралы хаты оқылды. Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша 81 пайыз депутат Мұрат Ерғешбаевтың кандидатурасын қолдады. 19 пайыз депутат Ардақ Зебешевке дауыс берді. ҚР Президентінің тиісті Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі болып Мұрат Ерғешбаев тағайындалды.

Олжас Бектенов облыс активімен кездесуде Мемлекет басшысының атынан Нұрлыбек Нәлібаевқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді. Жалпы өңірлік өнім көлемі 4 жылда 2 есеге артып, 3,7 трлн теңгеге жетті. Инвестиция тарту, әлеуметтік маңызды инфрақұрылымды салу және жаңғырту, абаттандыру және басқа да салалар бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Премьер-министр облыс активіне өңірдің жаңа әкімі Мұрат Ерғешбаевты таныстырып, Президенттің Қызылорда облысы басшылығының алдына бір-қатар басым міндет қойғанын атап

өтті. Бұл – бірінші кезекте Мемлекет басшысының бастамасымен елімізді әрі қарай жаңғыртуға бағытталған, халықтың әл-ауқатын жақсарту, экономика салаларын өртартапандыру және цифрландыру, инвестиция тарту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту сынды өзге де басым бағыттарға бағдарланған конституциялық реформаны жүзеге асыру.

– Президенттің бастамасымен елімізде маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізілуде. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының нәтижелі жүзеге асырылуы осы отырған бәрімізге байланысты екенін айтқым келеді. Мемлекет басшысы Қызылорда облысының дамуын үнемі

назарда ұстап келеді. Мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық құрылым мен қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сонымен қатар Премьер-министр бірқатар тапсырма берді. Өңір басшылығы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей әсер ететін маңызды жобалардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі керек. Президенттің бастамасымен Қызылорда қаласында қуаты 240 МВт болатын жаңа газ ЖЭО-сы салынып, пайдалануға берілді. Ол халықтың электр және жылу энергиясына деген сұранысын толығымен жабуға мүмкіндік береді. Ірі энергетикалық жобаға 215 млрд теңге көлемінде инвестиция салынды.

Жалғасы 2-бетте

6 мамыр күні Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Мемлекет басшысының сенімі мен тілекші болған Сыр жұртшылығына шынайы алғысы мен ризашылығын білдіріп, әлеуметтік желіге жазба жариялады. Жазба мәтінін ұсынып отырмыз.

### Сенім және жауапкершілік

**Құрметті жерлестер!**  
Еңбек жолымдағы тағы бір аса жауапты кезең қорытындыланып, Қызылорда облысының әкімі ретіндегі қызметім аяқталды. Төрт жылдан астам уақыт бойы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына барлық білім-білігімді, күш-жігерімді, тәжірибемді жұмсадым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы аймақ тігінін тапсырғанда, Президентіміздің, жерлестеріміздің сенімін ақтап, туған жерге адал қызмет етудің жауапкершілігі жеңіл емес екенін жақсы түсіндім.

Кейінгі төрт жылда Мемлекет басшымыздың қолдауымен атқарылған жұмыстардың, жүзеге асқан жобалардың, қолға алынған бастамалардың барлығы жұртшылықтың көз алдында. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Президентіміз «Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады» деп атап өтті.

Осы уақыт аралығында Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен облыс бюджеті жылдан-жылға ұлғайып, 809 млрд теңгеге жетті. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылғы 47 млрд теңгеден 202 млрд теңгеге дейін артты. Бұл қаражат өңіріміздің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, кейінгі үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық, 2025 жылы 774 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Осылайша Қызылорда облысы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша республикада алдыңғы орындарға шықты. Өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, инвестиция, инфрақұрылым, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт және тағы басқа бағыттарда атқарылған жұмыстың нәтижесі Қызылорда қаласының, аудан орталықтары мен елді мекендердің келбетінен анық көрінеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалдым. Мұны сенім мен жауапкершілік жүгінің салмағы еселеніп түскені деп білемін. Ел дамуы жолында атқаратын жұмыстың ауқымы зор. Сондықтан өзіме жүктелген міндетті толық атқаруға бар күшімді саламын.

Туған жерге қызмет етуге, ойға алған жобаларды іске асыруға мүмкіндік берген Президентімізге, өр бастамаға қолдау білдіріп, тілекші болған Сыр жұртшылығына, ортақ іске бір қолдың саласындай болып жұмылған барша өріпестеріме шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.



### М.Н.Ерғешбаевты тағайындау туралы

2026 жылғы 08 мамыр  
Мұрат Нәлібаевтың Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалғаны.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 8 мамыр

№ 1271



### МҰРАТ НӘЛҚОЖАҰЛЫ ЕРГЕШБАЕВ

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі лауазымына Мұрат Нәлібаевтың тағайындалғаны.

Мұрат Нәлібаевтың Ерғешбаев Қызылорда облысында туған Алматы халық шаруашылығы институтын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Сырдария ауданының Жамбыл ауылында экономист болып бастаған. Аудандық өнеркәсіптік бірлестігінде, қаржы құрылымдарында басшылық қызмет атқарған. Қызылорда облысы әкімі орынбасарының кеңесшісі, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының орынбасары, қалалық қаржы бөлімінің бастығы, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Өрт сөндіруші» АҚ-ның экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті болған.

Қызылорда қаласының әкімі, облыстық қаржы басқармасының бастығы, Қармақшы ауданының әкімі, Шиелі ауданының әкімі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары, «ҚазАгроӨнім» АҚ аппарат басшысы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы, Қазалы ауданының әкімі, Сырдария ауданының әкімі қызметтерін атқарған.

2023 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымына Қызылорда облысының атынан депутат болып сайланды.

### Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – бейбіт өмір мен жарқын болашақ үшін жанын қиған боздақтарды еске алып, ерлік пен елдіктің рухына тағзым ететін қасиетті мереке. Ұлы Жеңіс – батырлық пен бірліктің, қайсарлық пен отансүйгіштіктің мәңгілік символы.

Биыл Ұлы Жеңіске 81 жыл толып отыр. Уақыт өткен сайын бұл тарихи күннің мән-маңызы артып, майдангерлердің жанқияр ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің өлшеусіз еңбегі ұрпақ жадында жаңғыра түсуде.

Ұлы Отан соғысына Жалағаш ауданынан 2316 азамат аттанып, олардың 695-і ғана туған жерге аман оралды. Бұл – қаншама отбасының қайғысы мен халқымыздың қайсар рухын айшықтайтын тарихи дерек.

Сұрапыл соғыс жылдарында ерлік тек майдан даласында ғана емес, тылда да жасалды. Ауылда қалған аналар мен қарттар, жасөспірімдер күн-түн демей еңбек етіп, жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосты. Олардың төзімі мен табандылығы – бүгінгі бейбіт өмірдің берік негізі.

Баршаныңа мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілеймін. Еліміздің ынтымағы мен бірлігі нығайып, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Құрметпен,  
Ардақ ИБРАИМОВ,  
Жалағаш ауданының әкімі

## Ерлік дәріптелген мереке



Қазақ халқы қашанда ерлік пен елдікті ұлттың ұлы мұраты санаған. Тарихтың әр кезеңінде ел басына күн туған шақта Отан үшін өткен батырларымыз ұрпаққа өшпес өнеге қалдырды. Бүгінгі бейбіт өмір – сол боздақтардың жанқияр ерлігінің өтеуі, батыр бабалардың аманаты. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні – ел рухын асқақтататын, жүрекке патриоттық сезім ұялататын қасиетті мереке. Бұл – ел тыныштығы үшін жанын пайда еткен қаһармандарға тағзым етіп, олардың рухына құрмет көрсететін тағалымы терең күн. Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен мерекелік салтанат дәл осындай рухани мазмұнмен өрнеленді. Елдік пен ерліктің қадірін ұғындырған кешке аудан тұрғындары көптеп жиналып, ерекше әсерге бөленді.

Салтанатты жиынға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, жалағаштықтарды қос мерекелен құттықтады. Аудан басшысы бұл қасиетті ел тарихындағы орны ерекше екенін атап өтті. Ол Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңіс күнінің өзара рухани сабақтас мерекелер екенін айтып, бейбіт өмірдің қадірін ұғындыруда мұндай тағалымды күндердің маңызы зор екенін жеткізді. Сонымен қатар ел тыныштығы жолында жанын қиған батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын, кейінгі ұрпақ сол ерлердің рухымен тәрбиеленуі керектігін ерекше айтты.

– Бүгінгі бейбіт өмір – кешегі батыр бабаларымыздың жанқияр ерлігінің жемісі. Сондықтан олардың ерлігіне тағзым ету – баршамыздың азаматтық парызымыз. Тәуелсіздігіміз – ең қастерлі құндылығымыз. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға әрдайым құрмет көрсетілуі керек. Біз бейбіт күннің бағасын біліп, келер ұрпаққа елдік пен бірліктің маңызын ұғындыра

білуіміз қажет. Жастарымыз отансүйгіш, рухы биік, намысты болып өссе, еліміздің болашағы да жарқын болмақ, – деді аудан басшысы.

Мерекелік шарада аудан әкімі ардагерлерге ерекше құрмет көрсетіп, олардың өнегелі өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін үлкен мектеп екенін тілге тиек етті. Елдің дамуы мен тыныштығы жолында еңбек етіп жүрген азаматтарға алғысын білдіріп, жалағаштықтарға зор денсаулық, отбасыларына амандық пен бақ-береке тіледі.

Шынында, бейбіт өмір – бағасы өлшеусіз байлық. Оның қадірін соғыс көрген ұрпақ жақсы түсінеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жалағаш ауданынан 2 316 азамат майданға аттанса, соның тек 695-і ғана туған жерге аман оралған. Бұл – бір ғана ауданның жүрегіне түскен қасірет. Әр үйден аттанған азаматтың артында аңыраған ана, үміт қатқан жар, жәуентдеген бала қалғаны анық.

Сол бір сұрапыл жылдар қазақ даласына ауыр қайғы әкелсе де, халықтың рухын сындыра алмады. Өйткені қазақтың қанына сіңген қайсар

лық пен намыс қандай қиындыққа да елді алға сүйреді.

Бүгінгі ұрпақ сол батырлардың рухымен тәрбиеленіп келеді. Мерекелік шарада сахналанған театрландырылған қойылымдар мен патриоттық әндер де көрерменнің жүрегіне отансүйгіштік сезім ұялатты. Соғыс жылдарының ауыр кезеңдері сахна тәрізінде шынайы бейнеленіп, көпшілік көз алдынан тарихтың қасіретті беттері өткендей күй кешті.

Мерекелік шарада тыл және еңбек ардагерлері мен түрлі салада абыройлы еңбек етіп жүрген азаматтар марапатталды. Алайда көпшілік назарын ерекше аударған жанның бірі – бар болғаны үшінші сынып оқушысы Дінмұхаммед Дәуренбекұлы. Кішкентай ғана балақайдың кеудесіндегі төсбелгі еріксіз назар аударды. Оның жүзіндегі ұяңдық пен жанарындағы батылдық бірден байқалады. Осындай жасында облыс әкімінің марапатына ие болуының өзі – үлкен мәртебе.

Жалғасы 2-бетте

# 2 ҚОҒАМ

## Облыстың жаңа әкімін таныстырды



Сонымен қатар Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілді, оған республикалық бюджеттен 26 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. АӨК саласында ауыл шаруашылығы бағыттары көлемін оңтайландыру және су үнемдеу технологияларын енгізу міндеттерін маңыздылығы атап өтілді.

Кәсіпкерлік белсенділікті қолдау арқылы шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуға

және олардың өңір экономикасындағы үлесін одан әрі арттыруға назар аударылды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 24,7 пайызды құрады. Сондай-ақ талдау және бюджет қаражатын тиімді жұмсау бойынша тәжірибені жалғастыру қажет.

Қызылорда облысында кейінгі 4 жылға әлеуметтік салада 100 млрд теңгеден астам бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына тосқауыл қойылды. Үнемделген қаржы

халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жаңа инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

Айта кетейік, актив отырысында Ибрагим Әбибуллаев пен Мұрат Бақтиярұлы сөзінше қоғам қайраткерлері және Абзал Ералиевті Еңбек Ері сөз сөйледі. Ел ағаларының сөзін газетке арнайы беріп отырмыз.

**БАСЫ 1-БЕТТЕ**

## Атқарылған істен аймақтың даму динамикасы байқалады

**Құрметті Олжас Абайұлы! Қадірлі қауым!**  
Өңірдің өркендеуі – жүйелі жұмыстың, нақты жоспар мен жауапкершіліктің нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, соңғы төрт жылда Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда облысында ауқымды істер атқарылғаны аймақтың даму динамикасына айқын байқалады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірлердің дамуына, халықтың тұрмысын жақсартуға барлық мүмкіндікті жасап келеді. Сыр жұртылығы осы қолдаулары үшін Президентімізге ерекше ризашылығымыз бен алғысымызды білдіреміз және Өзі сенім артқан, облыс әкімі қызметіне жаңа тағайындалған Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың кандидатурасын қолдаймыз. Алдағы уақытта елдің ертеніне бағытталған барлық бастамаларды бірлесу жүзеге асыруға сенім білдіреміз.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемнің назарын өзіне аударған барлық саласында тұрақты даму серпіні қалыптасқан елге айналды. Елімізде жүргізіліп жатқан тиімді бағдарламалар мен Мемлекет басшысының ұтымды стратегиялық жобаларының ілігі ел көзінде. Барша Қызылордалықтар Президентіміздің Әділетті,

Қуатты, Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларын қолдайды.

Расында, әділеттілік пен заң мен тәртіп үстем құрған қоғамда тұрақты даму, болашаққа деген сенім нық болары сөзсіз. Осындай маңызды бағыттың бірі Президентіміздің жүргізіп отырған тиімді инвестициялық саясатының арқасында Сыр өңірінде де ірі инвесторларды тарту арқылы ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі бүгінде 250 пайызға артты. Өткен жылдың өзінде 27 инвестициялық жоба іске асты.

Озық технологиялармен толық автоматтандырылған «Қызылорда Саз-М» серіктестігін ірісіз құрып, нақты инвесторларды тарту арқылы ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

Президентіміздің қолдауымен өңірдегі ең ірі жоба, Қызылорда қаласында түрік инвесторымен «Акса Энерджи» жаңа жылу электр орталығы пайдалануға берілді.

Испандық «Рожка групп» компаниясымен санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жаңғыртып басталады.

Оңтүстік Корея технологиясы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, өң-

деу және кәдеге жарату зауытының құрылысы басталды.

Жақында ғана «Харвест Агро» компаниясының агроиндустриалды кластерін құру жобасының бірінші кезеңі іске қосылды.

Президентіміздің қолдауымен облыстың егін шаруашылығын өртенділандыруға, су ресурстарын үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

**Құрметті жиналған қауым!**

Жалпы алғанда, бұл кезең нақты нәтижелермен ерекшеленетін, өңірдің дамуына серпін берген уақыт болды. Осы атқарылған жұмыстардың заңды жалғасы ретінде Нұрлыбөк Машбекұлының жаңа жоғары қызметке тағайындалуы оның еңбегіне берілген әділ баға және үлкен сенімнің көрінісі деп санаймыз.

Алдағы қызметінде жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, ел игілігі жолында табысты еңбек ете беруіңізге тілектеспіз!

Сыр жұртылығымыз атынан туған жерді тұлутеу жасаған барлық қажырлы еңбегіңізге алғыс білдіреміз!

**Абзал ЕРАЛИЕВ,  
Қазақстанның Еңбек Ері**

## Тәуелсіз ел болу дегеніміз — өз тағдырыңның жауапкершілігін түгелімен өз мойныңа алу деген сөз

**Құрметті Олжас Абайұлы! Қадірлі жиынға қатысушылар!**  
Еліміздің тәуелсіздік алғанына 35 жылдан асып бара жатыр. Осы жылдары еліміз бүкіл дүние жүзінде танылып, әлемдік қауымдастықта өз орнын тапты. Әрине, жаңа мемлекет құру, оның іш-сыртын бүтіндей оңай шаруа емес екенін білгеніміз жақсы білеміз. Өйткені Тәуелсіз ел болу дегеніміз, өз тағдырыңның жауапкершілігін түгелімен өз мойнына алу деген сөз. Сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елем дамуының бүгінгі және болашақтағы тамыр соғысын анықтап, елімізде Конституциялық реформаны жасай отырып, саяси жүйені жетілдіруді батыл қолға алды. Саяси жүйені жаңаша еректе етуге, елімізді дамыту үшін жаңаша көзқарас қажеттілігін ұғындырып отыр.

Президентіміз қазақстандық қоғамды Адалдық пен Әділдік, Заң мен Тәртіп үстемдік етер жолға салып берді. Біз өңірде арада қоғамда және әрқайсысымыздың санамызда осы Адалдық пен Әділдік және Заң мен Тәртіп қадғидатының берік орнығыны аса маңызды екендігін ұғына түскеніміз абзал.

Айта кетіміз керек, соңғы төрт жылдың ішінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне ресми сапармен 3 рет келіп кетті. Әрбір ресми сапары Мемлекет бас-

шысының Сыр халқына деген құрметі, осы өңірдің дамуын үнемі назарында ұстап, қолдау көрсетуі деп білеміз. Өзіңіз де құрметті Олжас Абайұлы, облысқа бірнеше рет келіп, үнемі қолдау жасап келесіз.

Айта кетіміз керек, Мемлекет басшысы жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында әлеуметтік салаға ерекше мән береді. Президенттің тікелей тапсырмасымен соңғы төрт жылда Қызылорда облысында 200-ге жуық әлеуметтік нысан іске қосылды. 43 мектеп, балаларға арналған «Сыр жүлдыздары» шығармашылық инновациялық орталық, «Құзреттілік орталығы», 300 орындық балалар тынығу лагері салынды. Денсаулық сақтау саласында 41 медициналық нысан салына, көпбейінді аурухана, 400-500 көлушіге арналған емхана, перинаталдық орталықтың құрылысы қарқынды жүрді. Сонымен қатар 24 спорттық нысан, оның ішінде 11 мың орындық жаңа стадион, инклюзивті спорт орталығы пайдалануға берілді. «Қызылорда Арена» спорт кешені салынуда. Мәдениет саласында 22 ың әлеуметтік нысан іске қосылды. Барлық ауданда «Руханият», қалада «Анаға тазғым», «Өнер» орталығы салынды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен азаматтық кітапхана мен драма театр құрылысы басталды.

Осыдан төрт жыл бұрын Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлыбөк Нәлібаев

Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды. Ол кезде облыстың бюджеті нөбәрі 346 млрд теңге болса, бүгінгі күні 851 млрд теңгеге жетті.

**Құрметті Нұрлыбөк Машбекұлы!**  
Президентіміздің қойған талабы бойынша әкімдердің бойында табиғи ұймдастырушылық қасиет, кең көлемді мәселені оң шешудегі тапқырлық, ойға алған мақсатын орындамай қоймайтын табандылық, тәуекелшілдік пен төзімділік тәрізінде, жаңашылдық пен қарапайымдылық, ең бастысы, халықтың ең мейлінше қажеттіліктеріне қол жеткізілуі қажет. Осы қасиеттер сідізді бойыншында табылады.

Тәуелсіздік жылдары осы облысты сізге дейін тоғыз әкім басқарған екен. Осы оншы болдының, барлық жасаған жұмыстарыңыздың нәтижесі үнемі оңдыққа тиіп жатты. Мемлекет басшысы өзіңіздің өңірлік тәжірибеніңді жоғары бағалап, Үкімет басшысының бірінші орынбасары лауазымына тағайындады. Бұл – үлкен сенім, осы өңірде алған мол тәжірибеңіз сізге көп көмек бөлатыны сөзсіз. Жаңа қызметіңізге тек табыс, сәттілік тілейміз! Жаңа әкім Мұрат Нәлқожаұлы Мемлекет басшысының және халықтың сенімінен шыға беріңіз дейміз.

**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,  
саяси ғылымдар докторы,  
мемлекет және қоғам қайраткері**

## Елдің ертені ел басқарған ердің еңбегімен өлшенеді

**Құрметті Олжас Абайұлы! Құрметті активке қатысушылар!**  
Халқымызда «Елдің ертені ел басқарған ердің еңбегімен өлшенеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, ел тізгінін ұстаған азаматтың әрбір ісі – халықтың болашағына тікелей әсер ететін жауапты қадам.

Бүгін біздің өңір тарихында қалатын тағы бір маңызды күн. Мемлекет басшысының Сыр өліне деген ерекше ықыласы мен қолдауын ерекше сезініп келеміз. Сол себепті бүгін аймақ басшылығына Президентіміздің өз сенім білдірген осы елдің тыныс-тіршілігімен жақсы таныс азамат Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың кандидатурасын толық қолдаймыз.

Жалпы Қызылордалықтар елдің дамуына, өркендеу-есуіне бағытталған барлық мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды қолдап, елдік өміс жұмылуына көш басынан табылып келеді. Бір ғана мысал Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей басқаруымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы біздің өңірімізде әдейі түрде жүзеге асырылуда. Тіпті бүгінде басқа өңірлерге үлгі болып жүргенімізді естігенде, ерекше мақтаншын сезімімен қабылдаймыз. «Таза Қазақстан» – жай ұран емес, еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған көшпенді бағдарлама.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде Мемлекет

басшысының және Үкіметтің тікелей қолдауымен ауқымды өзгерістер, ірі жобалар жүзеге асты. Осы жылдар ішінде облыста нақты нәтижеге бағытталған көшпенді жұмыстар атқарылды.

Инфрақұрылым саласында ірі жобалар жүзеге асып, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар жасалды. Қызылордалықтардың арманына айналған облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты. Барлық елді мекендер толық 100 пайыз сапалы ауыз-сумен қамтамасыз етілді. Төрт жыл бұрын газдандыру деңгейі 67 пайыз болса, бүгінде 83 пайызға жетті. Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағына қарасты бөлігі қайта жаңғыртылды.

Президентіміздің тапсырмасымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты бойынша жолдың құрылысы жұмыстары да жақын күндері басталады.

Облысымызда тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда. Соңғы төрт жылда қаржыландырудың барлық көзі-

нен 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өтті, жаңа автовокзал салынды. Мемлекет басшысының қолдауымен Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы жеке инвестордың демеушілігімен салынып, ел игілігіне табыс-талды.

Қорыта айтқанда, Нұрлыбөк Машбекұлының Қызылорда облысын басқарған кезеңі Президентіміз бен Үкіметтің тапсырмаларының нәтижелі орындалуының арқасында өңір дамуына үлкен серпін берген, нақты сапалы айқындалған жемісті әрі серпіліс уақыты болды.

**Құрметті Нұрлыбөк Машбекұлы!**  
Мемлекет басшысымен ендігі кезекте сізге жүктеліп отырған жаңа қызмет – аса зор жауапкершілік пен биік сөйлемін айғағы. Осы орайда алдағы жұмысыңызда ел игілігі жолындағы бастамаларыңызға сәттілік, мемлекет дамуына қосатын үлесіңіз еселеніп арта берінуі тілектестік білдіреміз. Жаңа қызметіңізге толағай табыс, мықты денсаулық және баянды жетістіктер тілейміз! Облыс әкімінің қызметіне кіріскелі отырған Мұрат Нәлқожаұлына сәттілік тілейміз!

**Ибрагим АБИУЛЛАЕВ,  
еңбек ардагері**

## Жарқын жобалар – ел игілігіне



Осыған дейін Қызылорда облысын басқарған Нұрлыбөк Нәлібаевтің басқаруымен төрт жылда аймақта құруар мәселе шешімін тапты. Қазір осында уақытта аймақта атқарылған жұмыстарды сараласақ, таңда таңға жалғап жазатын дүние жетерлік. Қуантарлығы, бүгінде соның бәрінің жергілікті жұрт игілігін көріп отыр. Облысты былай қойғанда, бір ғана Жалағаш ауданының өзінде ел ішіндегі тұралаған мәселелер шешімін тауып, халықтың талап-тілегі ескерілді. Иә, бұрынғы аймақ басшысы осыған дейінгі ауданға жұмыс сапарында мейлінше жалғаштықтардың үніне құлақ түріп, олардың мәселесіне жүрдім-бардым қарамайтын. Әсіресе ауылдағы ағайынның айтқан әрбір өтініші көп ұзамай шешімін тауып жатты. Мәселен «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында өңірдің барлық ауданында медициналық нысан салынды. Аталған жобадан Жалағаш ауданы да тыс қалмады. Соңғы жылдары ауданның денсаулық сақтау саласында айтарлықтай өзгеріс бар. Тіпті үлгідегі жаңа аурухана, жаңа емханалар аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде.

**Емханалар ел игілігіне жарап тұр**

2023 жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ел қазынасынан 752,8 млн теңге бөлінді. Мырабай ахун мен Аламеке ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға берілді. Дәл осы жоба бойынша да өз жалғасын тауып, Қаракеткен ауылында жалпы құны 388,7 млн теңгені құрайтын типтік жобадғы жаңа дәрігерлік амбулаторияны Нұрлыбөк Машбекұлы ел игілігіне табыстаған болатын. Сондай-ақ оның қолдауымен аудандағы денсаулық сақтау саласы 11 жедел жерден автокөлігімен толықты. Аламекектік ағайындар ауылда жаңа емхана салу мәселесін жиі көтеретін. Себебі мұндағы көне нысан науқастардың ем алуына да, абзал жандардың тұрғындарға емдік шаралар жүргізуіне де қолайсыз болатын. Бүгінде халықтың талап-тілегіне құлақ түріліп, 2023 жылдың соңынан бастап ауылдағы ағайын жаңа емхананың игілігін көріп отыр. Тіпшілік тіршілікпен ауылға арнайы аялдап, емхананың жұмысымен танысқан болатыныбыз. Ғимаратты салған «Асар» ЖШС келушілерге жайлы болуын басты назарға алғанын аңғардық.

Мұнда тіркеу орны, қабылдау, деріхана, оқшаулау, физיותרпиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолайлы жағдай жасалған. 5 орындық күндізгі бөлім медициналық, санитарлық талаптарға сай тұрғындарды тиісті дәрігерлік бақылаудан өткізіп, анықталған сырқат бойынша сауықтыру жұмыстарын жүргізуде. Мұнда 11 мейібрике халыққа күндіз-түні сапалы қызмет көрсетеді. Түрлі диагноз бойынша есепте тұрған науқастар қажетті дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етілген.

Мырабай ахун ауылында бүгінде 1500-ге жуық тұрғын бар. Денсаулығы сыр берген тұрғындар аудан орталығына барып ем қабылдайтын. Ал 2023 жылдың соңынан бастап деріне шипа іздеген жергілікті тұрғындар аудан атбасын бұрмай, ауылдық дәрігерлік амбулаториядағы білікті қызметкерлердің көмегіне жүгінеді. Мұндағы ғимаратта да тіркеу орны, деріханалық бекет, қабылдау, оқшаулау, физיותרпиялық емдеу, егу бөлмелері, лаборатория, архив, жалпы тәжірибелік дәрігердің кабинеті, әйелдерді қарау бөлмесі мен мүмкіндігі шектеулі жандарға да арнайы бөлме қарастырылған. Мұнда жалпы 9 қызметкер бар. Оның 1-еуі дәрігер, 1-еуі фельдшер, 1-еуі акушер, 1-еуі зертханашы, 1-еуі әлеуметтік қызметкер және жалпы тәжірибелі мейіргерлер бар. Айта кетейік, емханада 5 орындық күндізгі емдеу стационары да жұмыс істейді, яғни жыл басынан бері мұнда 130-ға жуық науқас ем қабылдаған. Дәрігер Шынар Құдабаева науқастар түрлі диагноз бойынша, нақтырақ айтсақ, қанқысымы, қант диабеті, қаназдық, тұмау, артериялық гипертензия сынды сырқаттар бойынша келеді. Заманауи медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен дәрігерлер экг аппараты арқылы тұрғындардың жүрек ауруын дер кезінде тексеріп, қан арқылы түрлі талдау жұмыстарын жүргізе алады. Сондай-ақ емханада үлкендерге және балаларға арналған ингаляция құралы мен қант диабетін тексеретін құрылы бар. Дәрігердің айтуынша, жыл басынан бері ауылда 4 бала дүниеге келген. Сондай-ақ 13 әйел жүктілік бойынша тіркеуде тұр. Мұнда 30-ға жуық

мүмкіндігі шектеулі жан бар. Емханада олар үшін де арнайы кабинет қарастырылған. Олар диагноз бойынша тағайындалған ем-шараларды уақытылы қабылдап, үнемі дәрігердің бақылауында болады. Айта кетейік, амбулатория құрылысын «Бақ-Берекесі – 2030» ЖШС салған.

Былытырға дейін Қаракеткендегі ағайын да ескі емхананың машақатын көп көрген еді. Ауыл тұрғындары емдеу ғимаратының ескілігін жұмыс істемейтін мұнда аялданған сайын жиі айтқан. Жергілікті халықтың талап-тілегі назарға алу үшін ауылдың аймақ басшысы Нұрлыбөк Нәлібаев былытыр «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жергілікті халыққа емдеу нысанын бастады. Ғимарат ішінде тіркеу орны, қабылдау кабинеті, физיותרпиялық емдеу кабинеті, деріхана пункті, қақырықты қоршау кабинеті, лфк залы, оқшаулау бөлмесі, егу кабинеті, жұкті әйелдерді қарайтын кабинет, ерлер мен әйелдерге және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жуыну бөлмелері бар. Мұнда 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 күндізгі бөлім дәрігері, 1 акушер, 7 мейіргер, 1 әлеуметтік қызметкер, 1 фельдшер, 3 кіші аяжан мен 1 жұртізші бар. Емхана дәрігері Айдана Аяпова 4 орындық күндізгі емдеу стационары жұмыс істейтін айтады. Мұнда айына 19-20 науқасқа ем тағайындалады. Жыл басынан бері 77 науқас ем қабылдаған.

Жоғарыда айтып өткенімдей мұнда жұкті әйелдерді қарайтын кабинет керекті құрал-жабдықтармен жасқалған. Жыл басынан бері 5 әйел балалы болған. Оның аналарда алғаш рет ана атандандар мен көпбалалы аналар да бар. Жалпы туу жасында 186 әйел болса, қазір оның 8-і жүкті. Мұнда жұкті аналардың өмірге дені сау ұрпақ әкелуін басты назарда ұстау үшін арнайы КТТ аппараты бар. Бұл құралғы арқылы мамандар ананың ішіндегі баланың жүрек соғысын тексере алады. Сондай-ақ мұнда әйелдер үшін кольпоскопия құрылысы да бар. 2 ай сайын аудан орталығынан келген гинеколог маман құрылғының көмегімен әйелдерді тексеріп, ем тағайындайды.

Мұнан бөлек тұрғындар жылда онкологиялық аурудың алдын алу мақсатында бас ерекшеліктеріне қарай скринингтік талдау, флюорографиялық және мамонграфиялық тексеруден өтіп тұрады. 2 ай сайын аудан орталығындағы узи, лор, окулист, хирург, гинеколог мамандар тұрғындар саулығын жіті қадағалайды.

Сонымен қатар ауылда мүмкіндігі шектеулі 40-қа жуық адам бар. Емханада олар үшін арнайы кабинет қарастырылып, қажетті құрал-жабдықтармен толықтырылған. Балалар мен ересектер мұнда жиі келіп, жаттығу жасап, ем қабылдайды. Ауылдық емханада дәрі-дәрмек те жеткілікті. Дәрігер диагнозына қарай есепте тұратын тұрғындарға уақытылы дәрі-дәрмек таратылып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына да көмектесіп тұратынын айтады. Жедел жәрдемде жұмыс істейтін фельдшерлер де тұрғындардан түскен шақыртуларға барып, алғашқы көмек көрсетуде.

**Руханият орталығы – бірліктің ордасы**

2024 жыл өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен қатар ауқымды жобалар жүзеге асты. «Руханият жылы» Сыр өңірі үшін жемісті жыл болды. 7 ауданда құны 1 млрд 500 млн теңге тұратын «Руханият» орталығы бой көтерді. Аталған ғимаратта неке ию залы, кітапхана, музей, архив, жастар ресурстық орталығы мен ардагерлер кеңесі бар. Әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелер орталыққа бірігу арқылы ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерді дәріптеуде. Сән-салтанаты келіскен ғимараттың бірінші қабатында тарихи өлкенің музейі, ардагерлер кеңесі, үйіметтік емес ұйымдар, әйелдер кеңесі, қоғамдық келісім, неке сарайы орналасқан. Өздерінің білетіндей, бұрын аудандық кітапхана шетте орналасқан болатын. Ал қазір кітапхана келбеті келісті «Руханият» орталығының екінші қабатынан орын алып, оқырманға қолайлы қызмет көрсетіп келеді. Мұнан бөлек дәл осы қабатта жастар ресурстық орталығы мен электорндық оқу залы да бар. Ал ең төменгі қабатта аудандық архив орналасқан, яғни қор осы жақта сақталған.

Бүгінде ел игілігіне табысталған жарқын жобалар тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп қана қоймай, ауданның әлеуметтік-мәдени дамуына серпін беріп, жергілікті халықтың өмір сүру сапасының артуына өзіндік септігін тигізіп келеді.

Сөзім НҰР

## Ерлік дәріптелген мереке

«Бұл бала қандай ерлік жасады екен?» деген қызығушылықпен Дінмұхаммедтің оқиғасына қа-нықтық. Белгілі болғандай, ол көлікпен кетіп бара жатқан сәтте стадион маңынан шыққан өртті байқап қалады. Жалынның өршіп бара жатқанын көрген ол еш ойланбастан көлікті тоқтатуды сұрайды. Қасында отырған әжесі дереу өрт сөндіру қызметіне хабар береді. Ал Дінмұхаммед көліктегі жамылғышпен өртті шырғуға тырысады.

Бұл – үлкен жүректің ісі. Көп жағдайда ересектерді өзі абырпап қалатын сәтте қорқыпай еректе ету – нағыз батылдықтың белгісі. Оның бұл ерекеті – елге деген жанашырлықтың, жауапкершіліктің көрінісі.

«Батырлық білекте емес, жүректен» деген сөз осындайда еске түседі. Дінмұхаммедтің жасаған ісі көпшілік тарапынан жоғары бағаланып, ол Шымкент пен Қызылорда қалаларында түрлі марапаттарға ие болған. Сонымен қатар Алматы қаласындағы жазғы демалыс лагеріне жолдама беріліп, жас батырға ерекше құрмет көрсетілді.

Бүгінде қоғамда дәл осындай намысты, ел-жанды, жүректі жастар қажет. Себебі Отанға деген сүйіспеншілік әр алдымен кішкентай ерекеттен басталады.

Қазақ халқы ежелден ұл тәрбиесіне ерекше мән берген. «Ұл – елдің қорғаны» деп қарап, жасынан намыс пен қайсарлыққа тәрбиеленген. Бүгінгі

Дінмұхаммедтей балалар – сол ұлттық тәрбиенің жемісі. Оның бойындағы батылдығы – отбасынан берілген тәлімнің, үлкендердің тәрбиесінің нәтижесі. Себебі жүрегіне мейірім мен жауапкершілік ұялаған бала ешқашан қоғамға бейжай қарамайды.

«Бүгінгі жас ұрпақ гаджет пен галматорға тәуелді болып бара жатыр» дег

Тарих

# Өлім аңғарындағы ерлік: ұмытылмас тағдырлар

Бүгін адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңнің бірі Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 81 жыл толды. Еліміздегі әрбір шаңырақтың осы сурапыл соғысқа қатысы бар десек, артық емес. Бірі майдан даласында от кешіп, бірі тылда еңбек етіп, жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Олардың қатарында елге аман оралғаны да, туған жердің топырағын қайта баса алмағаны да бар. Бүгінгі саналы ұрпақ сол бір қиын кезеңнің қадірін түсініп, батыр бабаларымыздың ерлігін ұмытпауы тиіс. Осы ретте жеңіс күні қарсаңында майдангерлер мен тыл еңбеккерлері туралы естеліктерімізбен бөлісіп, олардың жарқын бейнесін жаңғыртуымыз керек. Батыр бабаларымыздың рухына тағзым етіп, ерліктерін ұрпақ жадында жаңғырту – ортақ парыз.



Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде Кеңес одағының Қарулы Күштері жауынгерлік туы астында 143 ұлттың екілері неміс-фашист басқыншыларымен шайқасты. 1941 жылдың күзінде уақыт тығыздығы, адам және қару-жарақ тапшылығына қарамастан атқыштар дивизиялары жасақтала бастады. Ұлттық 101-дербес атқыштар бригадасы КСРО Қорғаныс халық комиссариатының бұйрығы бойынша 1941 жылы қараша айында Ақтөбе қаласында құрылды. 1942 жылдың сәуір айында бригада құрамында 3 815 адам болды. Бригада командирі болып Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап ерлігімен көзге түскен полковник Севостьян Яковенко тағайындалды. Маршал Жуков «Воспоминания и размышления» еңбегінде «1942 жылы 8 желтоқсанда Калинин және Батыс майдандарының күшімен 1943 жылдың 1 қаңтарына дейін Ржев – Сычев – Оленино – Белый аймағындағы дұшпан күші жойылсын

деген директива берілді» деген. Осы бұйрықты орындаушы құрамалардың ішінде қазақтың ұлттық 101-атқыштар бригадасы да бар еді. «Правда» газетінің әскери тілшісі Илья Эренбургтан «Төрт жыл соғыстың қай шайқасы есіңізде өшпестей болып қалды?» деген сауалға «Ржев» деп жауап беріпті. Өйткені Ржев түбіндегі «Марс» деген кодты атауы бар әскери шайқастар туралы мәліметтер 2007 жылға дейін құпия сақталып келген. Себебі Ұлы Отан соғысы барысындағы Г.К.Жуковтың басшылығымен жүзеге асқан сәтсіз жаппай қарсы шабуыл жасау жорығы болып табылуында еді. Ржев – Вязьма плацдармы КСРО астанасына 150 шақырымдай жерде еді. Сондықтан Ржев қаласы «Мәскеуді алатын кілт» болып саналды. Кеңес өкіметі басшылығы үшін фашистердің 1942 жылғы нақ осы бағыттағы шабуылы айтарлықтай қауіп төндірді. Сондықтан Ржев – Вязьма бағытындағы жан алып, жан беріскен соғыс қимылдары тұтастай-

Ұлы Отан соғысындағы ең шешуші, ең бетбұрысты шайқастар болып есептелді. Тарихшылардың пікірінше, соғысушы жақтардың Ржев – Вязьма шайқасы («Марс» операциясы) барысындағы шығыны 1 миллион 350 мың адамға жеткен. Кеңес әскерінен 855 мың адам опат болды, хабарсыз кетті. «Правда» газетінің әскери тілшісі болған Константин Симоновтың бұл өңірді «өлім аңғары» деп атағаны тегін емес. Оленино стансасы бригада шайқасқан Мишуково елді мекенінің іргесінде орналасқан. Түптеп келгенде әскери басшылықтың негізгі мақсатын ол көзде ешкім де білген жоқ. Директива аса құпия болғандықтан оны біреудің білуі де мүмкін емес еді. Қалай болғанда да сол қиян-кескі ұрыстардың нәтижесінде жау күші айтарлықтай шығынға ұшырайды. Сөйтіп майданда түбегейлі өзгеріс алып келетін соққыны ұзағынан күткен гитлершілер соғыс барысын түбегейлі өзгерткен Сталинград шайқасына бірде-бір дивизи-

зиясын жібере алмады. Демек ортақ жеңіске 4-Екіпнді армиялық құрамында болған қазақтың ұлттық 101-атқыштар бригадасы да өзінің қомақты үлесін қосты. Бірақ бұл үлес өздігімен келмеді. Бригада сапындағы 8 мың адамның 3 мыңы ғана аман-сау қалды. 5 мың жастың өмірі үзілді, талай ерлік елеусіз қалды. Бірақ ұлттық 101-бригаданы стратегия тұрғысында пайдаланып, жалпақ тілмен айтқанда, «зеңбіректің жемі етіп» өлімге айдап салып, құрбандыққа шалуы жаңға батады. Шындықты алғаш рет жеңістің ширек гасыр тойында Ржев түбінде болған топтың қолбасшысы, Кеңес одағының маршалы А.И.Еременко ашық айтқан еді. Жеңістің 25 жылдығы мерекесінде қазақтың ұлттық 101 бригаданың құрбан болған 5 мыңдай қандасымыздың текке қаза болмағанын қабырғасын қауысып отырып мәлімдегеніне де шүкір. Сонда да «құпиялы қоржында» әлі де «жабулы қазан жабулы күйінде» жатқаны жетерлік. Ұлы Отан

соғысының арғы-бергі тарихында қазақстандықтар нақ осы Ржев түбінде болған шайқастағыдай 80 пайыздан асып түсетін мол шығынға ұшырамапты. «Сен газетке жазбай тұра алмайсың. Мынаны да сәті түскенде пайдаланарсың» деп берген марқұм Нұруа Нарынбаевтың аманатын бүгін – Ұлы Жеңіс күні орындап отырмын. Жазуды сол күйінде беруді жөн көрдім. Онда былай деп жазылған. 101-ші дербес ұлттық атқыштар бригадасының құрамында Жалағаш ауданынан болғандар, 1942 жылы Мәскеу түбіндегі ұлы шайқаста, майдан даласында Отан үшін қаза тапқан менің құрдстарым Бекнияз Ахметов, Алпысбай Әубәкіров, Сансызбай Байназаров, Саттар Есмұратов, Кетебай Маханбетов, Тұрар Меңлібаев, Сауда Орманов, Жанжігіт Пірманов, Әбілхан Тұрлашев. Майданнан аман-сау оралып, отбасылы болып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, еңбек майданына қатысып, соғыс зардабынан ауру-сырқау болып қайтыс болғандар (бұл тізімге күні бүгінге дейін марқұм болған ағаларды қосуға тура келді. Өйткені Нұрекең жазбасын 1995 жылдары жазған еді). Шәмші Аманов, Жетібай Ахметов, Әбіш Әбдірахманов, Төлеген Әбілдаев, Аскарбай Байназаров, Ергали Бегімсалов, Жүнісбек Бержанов, Тоқан Боранбаев, Әбілхан Ералиев, Жайық Есіркепов, Алпысбай Қуаңбаев, Досбол Қуаңбаев, Мұхамедияр Қыпшақбаев, Сүйіндік Қыстаубаев, Қашақбай Маханов, Нұруа Нарынбаев, Әбдіғани Нәбиев, Деріпсалы Оразалиев, Әлихан Өтегенов, Нысырат Пірманов, Райхан Сапабеков, Орынбай Сарманов, Дүйсенбай Тайманов, Әбілда Тайшаев, Ердан Таңатаров, Мұбарак Тәйтқов, Әбілда Төшімбетов, Маханбет Үргенішбаев. Өкілігі 101-бригаданың сапында болған соғыс және еңбек ардагері Дауылбай Байниязов аман-есен арамызда жүр (қазір марқұм болды)» деп 2003 жылы жазылған еңімесін «Майдангер ағаларым» кітабына енгізген марқұм, белгілі қаламгер ағамыз Төшен Тұрсынбай Мүсіркепұлы. 101-ші бригаданы Ақтөбе қаласында алғашқы ұйымдастырушы, кейін осы бригаданың командирінің орынбасары болған Мұса Сәдібековтің қызы, зейнеткер ұстаз, «Алтынсарин» медалінің иегері Сәдібекова Фаридә Мұсақызы көп жыл әкесінің ерлік

жолын зерттеуге арнаған ұлағатты ұстаз, аудан орталығындағы №31 орта мектепте қызмет жасады. 101-ші ұлттық атқыштар бригадасының тікелей қатысушыларының естеліктерін жинақтап, олардың жүріп өткен ерлік жолын өскелең ұрпақтың жадында қалдыру мақсатында «Майдангер ағаларым» кітабын жазып қалдырған Тұрсынбай Мүсіркепұлы ағамыздың еңбегі өлшеусіз. Сондай-ақ ұлттық әскери құраманың тарихы, жорық-жолдарын жауынгерлердің өмір деректерін зерттеп «Ржев қазанында қайнағандар» кітабын жазған Рысбай Кәрімов ағамызға да ұрпақтың дан риза. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Қазақ баспасөзіне сіңірген айрықша еңбегі үшін» дипломының иегері Тілеу Келбаевтың «Өшпес даңқ» кітабында Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда жасақталған 100-ші, Ақтөбеде жасақталған 101-ші қазақтың ұлттық атқыштар бригадаларының өмір тіршілігі, Отан қорғауға қалай дайындалғанын бастап, отты жылдар кезіндегі жорық-жолдары мен жекелеген жауынгерлер ерлігі сөз етіледі. Сондай-ақ 101-атқыштар бригадасы құрамында болған ардагер Көкен Әбенбетовтің «Операция «Марс». Қазахи в долине смерти» атты кітабында да құнды мәліметтер берілген. Тверь түбіндегі №101-дербес ұлттық атқыштар бригадасының жанқиярлық ерліктері жүрегімізден өшпейді. Міне, Ржевтегі қанды қырғын шайқастың тарих қойнауына кеткені де 80 жылдан асып барады. Алайда сол уақыттан бері мұнда қаза тапқандардың саны өлі толық анықталмапты. Біздің парыз – соғыстың осындай айтылпаған ақиқатын балаларымыз бен немерелеріміздің санасына сіңіру. Тек соғыс тарихына байланысты бұған дейін жинақталған белгілі деректерді айтып берумен шектелмей, бізге өкелеріміз бен ата-бабаларымыз өздері еңгімелей беріп кеткен соғыстың шындығын оларға жеткізу – басты парыз.

Нұрлан АҚДӘУЛЕТОВ

## Біле жүріңіз!

1941 жылы немістер Мәскеу түбіне тақалғанда алып елдің астанасын қорғауға сол мемлекеттің бірден-бір жауынгер ұлты қазақтар тосқауыл бола білді. Ең қиын майдандарға, шайқастарға біздің бабаларымыз аттандырылды. Рейхстагқа ту тіккен де қазақ болатын, бірақ шовинистік саясаттың кесірінен нағыз батырлар екінші рөлдерге ығыстырылып, сахна төріне «жасанды» батырларды дәріптеген идеология жүргізілді. Әрине, Отан алдында атқарған парызы үшін ерлігі еленгендері де баршылық.

# Ер еңбегі еленер

Басына төнген қиын да қасіретті тағдырға мойымаған ата-бабаларымыз өздерінің ортақ Отаны алдындағы борышын ойдағыдай атқарып өтті. Миллиондаған адам қаза тапқан сол соғыста қазақ жауынгерлері де жан беріп, жан алысып шайқасты. II дүниежүзілік соғыс басталған 1939 жылғы бүкілодақтық санақ бойынша Қызылорда облысы Жалағаш ауданында 18 928 адам өмір сүрді. Осы соғысқа қолына қару ұстауға қабілетті азаматтарымыз Отан қорғауға аттанды. Солардың төрттен бірі ғана елге оралды. Қалғаны соғыс даласында хабарсыз кетті, мерт болды. Жалағаш ауданынан бірден бір Кеңес одағының батыры атағын алған солдат болмапты. Жалағаштық жауынгерлер арасында батыр атағына лайықты адамның жоқтығынан емес, елеусіз қалғандықтан, дәлірек айтсақ, қазақ болып туғандығынан. Соғысқа қатысушы аудан жауынгерлері туралы он жылға жуық жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде Жалағаштан бірнеше солдаттың Кеңес одағының батыры атағын алуға лайықты екені анықталды. Соның бірі – Ернияз Сәтов. Жалағаш ауданы Мәдениет ауылындағы Сәт пен Үмітайдың отбасында Тәжібай, Шернияз, Ернияз есімді үш ұл дүниеге келеді. Шернияз бен Ернияз майданнан хабарсыз кеткен. 1918 жылы туған Ернияз ауыл мектебін бітірген соң Қызылорда қаласында екіжылдық курста оқиды. Соңғы деректер негізінде Е.Сәтов Қызыл Армия қатарына 15.IX.1939 жылы Қызылорда қалалық әскери комиссариаты арқылы шақыртылған. 29.IX.1944 жылы «Жауынгерлік қызметі үшін» медалімен, 19.III.1945 жылы «Қызыл Жұлдыз», 04.V.1945 жылы «Қызыл Ту» ордендерімен (қаза тапқан соң) марапатталған. 29.III.1945

жылы Германияның Брандербург қаласының Цондорф селосында қаза тапқан, сонда өзі қызмет еткен әскери дивизия зиратында жерленген. Ернияздың әскери жеке парағында «3-ші ротаның аға сержанты Сәтов Ернияз 1941 жылдан Отан соғысына белсенді қатысып келеді. Неміс-фашист басқыншыларымен болған ержүректілік танытып жүр. Әсіресе Днепротетровск плацдармы үшін жүргізілген шайқастарда қарсыластың қарымта шабуылдарын тойтарып кезінде ерекше көзге түсті. Екі мәрте жарақатталған. ВКП мүшелігіне ұмыкер (марапаты көрсетілмеген.)» делінген. Кеңес одағының батыры атағына ұсынылған жеке парағында «Сәтов жолдас неміс басқыншыларымен Кострин қаласындағы ұрыстарда 09.03.1945 жылы сурапыл шайқас кезінде өз бөлімшесінің жауынгерлерін бастап, автоматпен қарсыластарды нысанаға дәл атып, жайрата соққы жасады. Бір үй ғимаратының терезесінен оқ жаудырған қарсыластың пүлемет нүктесін анықтап, сол үйге жасырына жылжып отырып, терезесінен екі граната лақтырып, бір пүлемет және қару есебіндегі пүлеметшілерді түгелдей жойып жіберді. Содан кейін ғимаратқа кіріп, автоматпен 14 неміс солдатты мен бір офицерін жайратып салды. Взвод командирі саптан шығып қалған кезде взвод басшылығын өз мойнына алып, жасағымен бірге жаудың ту сыртынан кірді. Мықты бекіністі ғимараттарға бекінген 90-ға жуық неміс солдатты мен офицерін қоршап алды да, кескілескен ұрыста 50-дей солдаттың көзін жойып, қалғандарын тұтқынға алды. Осылайша аса маңызды операцияның орындалуын қамтамасыз етті. Сол күні ауыр жараланғанына қарамастан



қарқыны қатты шайқаста взводты шебер басқаруды жалғастырып, алға ұмтылды. «Ура!», «Отан үшін!» деп ұрандата жауынгерлерді ерлікке шабыттандырып шабуылға көтерді. Сәтов жолдас Кеңес одағының батыры атағын беруге лайық. 1368 Қызылтулы атқыштар полкінің командирі подполковник Куркацишвили. 19 наурыз 1945 жыл. Кеңес одағының батыры атағын беруге лайық. 416 Таганроттық Қызылтулы Суворов орденді атқыштар дивизиясының командирі генерал-майор Сызыранов. 20 наурыз 1945 жыл. Кеңес одағының батыры атағын беруге лайық. 32 Суворов орденді атқыштар корпусының командирі генерал-майор Жеребин. 23 наурыз 1945 жыл» деген архивтік құжатты назарларыңызға ұсынып отырмыз. Ернияздың ерлігін полк командирі де, дивизия командирі де, корпус командирі де мойындап, батыр атағын беруді қолдап отыр. Ал енді Кеңес одағының батыры атағын беруге ұсынылған әскерге атақты беру немесе бермеу жөнінде қорытынды шығаратын Армия басшылығы не жауап бергені туралы құжатқа назар салсақ...

«Армия Әскери Кеңесінің Қорытындысы. Е.Сәтов жолдас Кеңес одағының батыры атағын беруге лайық. 5 ереуелді Армия қолбасшысы генерал-лейтенант Верзарин. Әскери Кеңес мүшесі генерал-лейтенант Бокков. 02 сәуір 1945 жыл». II дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес одағының батыры атағына ұсынылып, бірақ түрлі себептермен бұл атақты ала алмаған Ернияз Сәтовті облыс тұрмақ аудан ауыл тұрғындары да біле бермейді. Себебі ол – елеусіз қалған көптеген қаһарман солдаттың бірі. Быыл Ұлы Жеңістің 81 жылдық айтулы датасы ТМД елдерінде кең көлемде аталып өтілуде. Осы орайда Кеңес одағының батыры атағына ұсынылып, бірақ түрлі себептермен ала алмай кеткен батырларымыздың барлығына аталған атақ берілуі қажет деп білеміз. Себебі Ернияз Сәтов сияқты солдаттар Отан қорғау барысында ерліктің үлгісін көрсетті. Олардың есімі, ерліктері өз дәрежесінде ұлықталуы тиіс. Осы мәселеде билік басындағы ұлтжанды азаматтарымыздың атқарар ісі көп. Өкінішке орай Ернияздың фотосуреті сақталмапты. Алайда майданнан анасына, туыстарына, елге жазған хаттары түрлі ақпарат құрал-

дарында өз жылдары жарияланды. Ернияздың өз кіндігінен ұрпақ қалмағанымен туған ағасынан тарайтын бауырлары бар. Сол кісілердің келетін мөліметтері бойынша ең соңғы хатты Ернияз анасына, бауырларына былай деп жазған «Асыл анашым, бауырларым! Өлмеген құлға болды жаз» демекші, Наурыз мейрамына да жеттік-ау. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ел амаң, жұртымыз тыныш болғай! Соңғы хаттарыңызды алып, амандықтарыңызға қанығып, төбем көкке жеткендей қуанып қалдым. Біздің жаңалық, Одерден өткенді жаттықтық. Алла сияқты, Жеңіс сағаты да қашық емес жазқты. Кезінде Қарасай есімді батыр бабамыз: «Жауымды жеңбей басылмаң, Қиянатын бастан асырмаң, Бір шыбындай жан үшін, Тілеуімді тілеп отырған. Ата-ана, сүйген жар үшін, Жұмысайды ұлың бар күшін – деп өсиет қалдырған екен. Біз де қазір осындай мақсат жолында жүрміз. Көріскенше күн жақсы. Амандықпен қауышталың, жан ана! 01.III.1945 жыл».

Ернияздың ағайын-туыстарынан бізге жеткен Үмітай анасының зар өкісінін төбеленбей тыңдау мүмкін емес. «Қос ұлым кетті қос нардай, Не нәубет алдан тосқандай, Аққусыз қалған көлге ұқсап, Отбасы қаңырап бос қалды-ай. Өздеріңді ойлап бұл анаң, Қалың бір ойға батады-ай. Осылайша көз ілмей, Ұйқысыз таңым атады-ай. Құс болсам өтпен жетер ем, Қанатыма отырғызып кетер ем, Түгесілгенше түз-дәмім, Амандықтарыңды тілеп өтер ем... Аналары қан майданда хабарсыз кеткен Шернияз бен Ернияз атты қос құлының өлі-тірісін де біле алмай өмір кешеді. Сонда да ата-аналары, бауырлары үкілі үмітін үзбей, сабырлық танытып, әліптін артын бағумен болады. Ұлдарын сарғая сағынған сәттерінде мұңлы әуенімен «Дарияның солқылдайды баспалдағы, Аузыма сез түспейді сассам дағы. Қос қалқам, көрмегелі көп жыл өтті, Сөндерден бұлт жақын-ау аспандағы. Аспаннан күн шығады шыралаңлап, Қойшылар қойын бағар құрайлап. Қос қалқам, сөндер еске түскен кезде, Кетеді менің басым шыр айналып. Мен өзім жағалаймын дария бойың, Қарайғанға бұзылар менің ойым. Қос қалқам, көрмегелі көп жыл өтті, Қай жақтан болсын менің ақыл-ойым. Дүниенің енді білдім жалғанын-ай, Қос ботамды көп айтып зарладым-ай. Бүпінді бұл дүние астаң-кестен, Қай жерде ұшып кетті жандарың-ай. Бір түп тал терегіме асыламыз, Шүкір деп таң намазға бас ұрамын. Күн шынып, торай даусы шыққан кезде, Көз жасым көрмек татып ашынамын. Сұм соғыс көп жыл болды біткеніңе, Қос қалқам қайтпай солай кеткеніңе, Күтуге жетер емес қысқа өмірім, Тосармын Махшар күннің өткелінде. Осылай зарлап өткен ана ұлдарын жоқтап, көз шырымын тауыса өмірінің соңғы алты жылын қос жанарынан айырылып, өз болып өткізеді. 90 жасқа келіп, ант мезгілі таянған кейуана жастығының астынан көзінің қарашығындай сақтап жүрген сарғайған бір бума хатты туған қайыны Тәжібайға ұсынып «Мынау хаттарды енді өзіңе аманаттадым. Мұнда боздақ бауырларыңның жүрек лүпілі, ақырғы демі, соңына қалдырған аманаты дегейсің. Ықтиятта бол» деп үзіліп кетті. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Бейбіт өмір үшін жанын пиде еткен Ерниязды батырларымыз лайықты өділ бағасын алатын күн алда деп сенеміз. Марапат өз иесін осы күнге дейін күтуде. Марат ШӨМЕКЕЙ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Тағылым

# Фибратты ғұмыр – ұрпаққа ұлағат

Аққум ауылдық округінде аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Фибратты ғұмыр – ұлағатты өмір» атты тағылымды көш өтті. Төрге қария ғана емес, тарих озыды. Сексеннің сенгірінен асып, тоқсанның төріне шыққан абыз жандардың жанарында тұтас бір ғасырдың ізі тұр. Талай таңды май шаммен қарсы алған, талай қыстың қақаған аязына, заманның тар өткеліне қуа болған кездер бұл. Бүгінгі ұрпақ ертегі секілді тыңдайтын кезеңді олар өз иығымен көтеріп өтті.

Көш басталған сәттен-ақ зал ішін өзгеше бір сағыныш биледі. Қоңыр домбыраның үнімен бірге көмескі қалған уақыт қайта оянғандай ма?! Жиын бастауында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов осындай тағылымды мол кездесулердің маңызына ерекше тоқталып, қарияны құрметтеу ұлттың ұлылығын көрсететін қасиет екенін атап өтті. Сондай-ақ көнеңің көзіндегі болған қазыналы қарттарды ардақтап, өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа үлгі етуге бағытталған ізгі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табуы қажеттігін жеткізді.

Аққум – қариясын қазынасындай құрметтеген ауыл. Бүгінде бұл ауылда үлкендіктің өнегесін көрсетіп отырған 246 ардақты жан бар. Олардың қатарында «Батыр ана» атанған асыл жандар да, тылдың тауқыметін көрген ардагерлер де, маңдай терімен ел ырысын еселеген еңбек адамдары да отыр. Әрқайсысының ғұмыры – бір тарих. Бірі соғыстың салмағын көтерсе, бірі күршілтің бабын тапты, енді бірі ауылдың тіршілігін түтетіп, ұрпақ өсірді. Шарада сондай ауылдың ардақты азаматы Орынбек Ұлырқысовқа облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрмет» грамотасы табысталды. Аққумның топырағында туып-өсіп, бар ғұмырын адал еңбекпен өткізген қарияның өмір жолы кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық.



Орынбек ақсақал – еңбекке ерте араласқан буынның өкілі. 1967 жылдың ақпан айында совхозға жұмысшы болып кіріп, сол жылдың желтоқсанында әскер қатарына алынған. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін де туған жердің тіршілігіне белсене араласып, механизатор болып еңбек еткен. Күршілтің бабын тауып, егіннің жайын білетін санаулы жанның бірі болған тартай талы жыл комбайн тізгінінде, дала төсінде маңдай терін төкті. Сол кезеңнің адамдары еңбекпен өсиетті. Таңның атасы, күннің батысы егіс басында өтетін. Комбайнның дүрлігі мен күрші алқабының ісі араласқан қоңыр тіршілік бүгінде естелікке айналғанымен сол күндердің лебі Орынбек ақсақалдың еңгімесінен әлі есіп тұр.

Ол еңбектегі табандылығы мен елге сіңірген қызметі үшін түрлі марапаттарға ие болған. 1973 жылы «Орден знак почета» марапатымен, 1979 жылы «За трудовую доблесть» медалімен наградталған. Сондай-ақ облыстық кеңестің депутаты

болып сайланып, ел сенімін арқалаған азаматтар қатарынан көрінген. Бір қарағанда қарапайым ғана ғұмыр секілді. Бірақ дәл осындай азаматтар ауылдың іргесін бекітіп, елдің ырысын еселеген еді.

Өз кезегінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев те елдің өсіп-өркендеуіне адал еңбегімен үлес қосқан жандардың еселі еңбегі ешқандай елуеуіс қалмауы керектігін айтты. Саналы жұмырын маңдай термен өткізіп, елдің дамуына тірек болған еңбек адамдары бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге екенін атап өтті. Сондай-ақ осындай тағылымды кездесулер арқылы жастар өткен буынның өмір жолын танып, еңбек пен адамгершіліктің қадірін тереңірек түсінетінін жеткізді.

Қазіргі уақыт зымырап барады. Адам да, заман да өзгеріп жатыр. Бірақ осындай кештер өткеннің өшпегені еске салады. Себебі көнеңің көзі кеткенмен, иісі қалған. Ал сол иісті өшірмей тұрған – осы қариялар.

– Тынымкүл Рахметова – қырық жылға жуық ғұмырын ауыл тіршілігімен бірге өрген жанның бірі. Жастық шағы кеңестік кезеңнің қоңыр тіршілігімен тұспа-тұс келген кейуана еңбекке ерте араласып, ауыл өмірінің сан саласында табан аудармай қызмет етті, – дейді ауылдасы жайлы Амангүл Мейрманова.

Бүгінде марапат төрінен көрінген Тынымкүл апа мектеп бітірген бойда колхоз жұмысына араласып, шөп дайындау бригадасынан бастап, сауда саласы мен шаруашылық жұмыстарының бел ортасында жүрді. Сауда техникамын тәмамдап, ауыл дүкенінде сатушы, кейін әбден жұмыстың жілігін шаққан шағында тауартанушы да болды. Мерейлі жан еңбектегі жауапкершілігі мен тиянақтылығы үшін талай марапат төрінен көрінген.

– Кейін Аққум ауылындағы сауда орталығы, қонақ үй мен асхананың жұмысын басқарып, елдің тұрмыс-тіршілігіне етене араластым. Совхоз кезеңіндегі ауыл өмірінің қызған шағын, егін мен малдың, құрылыс пен қарапайым тіршіліктің қайнаған ортасын көрдік. Бізді еңбек шыңдады. Өткен өмір жолы адамдығымызды да қалыптастырды. Сол көрген-түйгеніміз бүгінгі, ертеңгі ұрпаққа азық болып жатса, одан асқан қуаныш жоқ, – дейді өзі.

– Бүгінгі мерейтой иелерінің ғұмыры – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Олар бар саналы өмірін ел игілігіне арнаған жандар. Осындай тағылымды кездесулердің басты мақсаты – кейінгі ұрпаққа өнеге көрсету, еңбек пен адамдықтың қадірін жастардың санасына сіңіру, – деді ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қосым Жүсіпбеков.

Жастық көңілмен елей бермейтін көп нәрсенің түйіні тарқалары есейіп, ес келгенде екен. Үлкеннің үнісі отырғанының өзі – тәрбие. Басынан сипап отыратын қарты болғандар ғана түсінеді мұны. Батасын беруі – аманат. Өткенді айтуы – тарих. Ал сол тарихты тыңдап отырған ұрпақ – ертеңгі күннің жалғасы.

Гүлжан ЕСЖАН

Әр уақыт өз белуарынан асып, өз дәуірін өткерді. Көргені мен түйгенін қатпар-қатпар тарихтың сарғайған беттеріне бедерлеп кетті. Заман өтті, із қалды. Сол іздің арасында ел үшін еңірген ер де болды, қара нардай қайыспаған қайталанбас тұлғалар да болды. Ұлы Отан соғысы тұсында қара жер күңіреніп, қара қағаз үй аралап жүрген зобалаң шақ еді. Тән Түменбаева – сондай тар заманда тағдырмен тайталасқан ананың бір. Бір шаңырақтың иесі болған серігін де, артынан өрген қайынысын да майданға аттандырып, қараша үйдің отын өшірмей, елдік тірліктің бар салмағын өзі көтерді. Ол дәурен нәзік жанға наз айтып, таңдау жасап отыруға мұрша бермеді. Ер орнына ер, белін буды, тіршіліктің тізгінін ұстады. Бұл – ұмытылмайтын із. Өйткені бүгінгі тыныш күн – сол кешегі төзім мен құрбандықтың өтеуі.

## Тылдағы Тән ана



Тән Түменбаева 1914 жылы ауданға қарасты Мәдениет ауылындағы қарапайым отбасында дүниеге келген. Ауылдың қоңыр тіршілігін көріп өскен ол жастайынан еңбекке араласты. Алғашқы қызыл отауды ұйымдастырып, оның белсенді мүшесіне айналды. 1935 жылы комсомол қатарына қабылданған қарашаді қазіргі қызыл колхоз жұмысының бел ортасына түсті. Жыртық етік, жамау киіммен жүріп, қолы тілім-тілім болғанда мал бақты, кетпен ұстап, егін екті.

Кейіпкеріміз 1936 жылы Қармақшыға келін болып түседі. Манағы айтқан тірліктің бір талай тіршілікке дайындық болғаны ма сонда? Қазіргі Майлыөзек ауылының орнында ертеректе бір-біріне іргелес бес колхоз отырған. Соның бірі Карл Маркс атындағы колхоз еді. Сонда соғыс өрті тұтанғанға дейін ауыл кітапханасын басқарып, ел ішіндегі сауат ашу жұмысына араласты. 1942 жылы Кеңес одағы Коммунистік партиясына мүше болып қабылданды. Ол кезде әйел адамның қоғамға араласуы сирек қызыл еді. Бірақ Тән ана заманның ауыр жүгін ерлермен қатар көтерді.

Ел ісі еті тірі, қолынан іс келетін адамды өзі іздеп табатыны ғой.

– Қармақшы ауданына шақырылып, «ел бастайтын адам керек, Қосарық ауылдық советіне төрайым боласың» дегенде Тән ана алғашында келісе қоймаған. Ол кезде ауыл арасы алыс, жиналыс пен жиынға жаяу қатынайтын заман. Кейін астына ат мінгізіп, жол қатынасының жайын реттеген соң ғана көнген екен, – дейді бұл жайында ұлы Нұрғиса Түменбай.

Содан не керек, күндіз майданға жіберілетін азық-түлікті дайындау, түн ортасы ауа шулық пен күрте тоқу, Дария бойын жайлаған ел соғыс даласына арпа-бидайын ат арбамен Сырдариядан өткізетін. Ол кезде көпір қайда, жаз шыға байланған троспен, қыста мұздың бетімен қатынайтын заман ғой. Бір жолы Айман және Загатович болып үшеуі дариядан өтіп бара жатқанда Тән ананың аяғы тайып, мұзы толық қатпаған суға түсіп кетеді. Абырой болғанда екпінмен құлаған адам су бетіне қайта көтерілген сәтте жанындағы екеуі шап беріп қолынан ұстап үлгерген екен.

– Бұны қазіргің жастары біле бермейді ғой. Жеңіс келген күні ел берігін аспаңа атып қуанды. Бірақ біз әкемізді табып алмадық. Содан кейін көрші мемлекеттерге хат жөнелтілді. Әйтеуір бір жауап келді. Бірақ қай жерде, қашан оққа ұшқаны... Тән ана соғыстан кейін де ел ісінен шет қалмады. Қай қызметте жүрсе де, тоқтап қалмаған жан еді. Бар арманымыз – елі үшін өткен еңбегін ешқашан саудаға салмаған ермінезді ананы туған жерімен қайта табыстыру. Киелі топырақ қандай қайсар жанды дүниеге әкелгенін біліп мақтансың, – дейді ұлы үстел үстіне жайылған сарғайған құжаттарды бір-бірлеп реттеп отырып.

Төккен тер де, өткен еңбек те еш кетпепті. Тылдағы өрен еңбегі үшін Тән ана 1945-1946 жылдары «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі ескеріліп, 1945 жылы И.В. Сталин атындағы «Ерен еңбегі үшін» медалін алған. Кейін, яғни 1970 жылы В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай берілген мерекелік медаль, 1976 жылы «Еңбек ардагері» атағы, 1985 және 1995 жылдары Ұлы Жеңістің 40, 50 жылдық медальдары табысталған.

Ерен еңбегінің өтеуі ретінде үкімет наградаларымен бірге қаржылай көмек алып, СССР аумағында жартылай теңіз жүруге, демалыс орындарына баруға құқық беретін куәліктің де иесі болған. Тылда жүріп елдің жүгін көтерген жанның еңбегі осылайша мемлекет тарапынан да ескеруіне қалмапты.

Ол 1997 жылы өзі өмір сүрген ауылында дүниеден өтті. Артында тәрбиесін көрген ұрпағы қалды. Бүгінде балалары мен нәмерелері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Содан бері кейіпкеріміз қаншама кітапқа еніп, талай газет мақаласына арқау болды. Бірақ мұның бәрін де қымбаты артында «аты ұмыт қалмасын» деп ізін түгелдеп жүрген ұрпағының қалуы шығар. Сарғайған сүзет пен ескі құжаттарды көзінің қарашығындай сақтап отырғандардың ниеті де сол, өскінің жұрнағы жоғалмаса екен дегені.

Гүлжан ЕСЖАН

Газеттің келесі саны 13 мамыр, сәрсенбі күні шығады

Таным

## Тыл ардагерлерімен тағылымды кездесу

Аққум ауылдық клубы және әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Тылда еңбек еткен қазақ қыздарының әңгімесі» атты тағылымды кездесу өтті. Жас ұрпаққа ардагерлердің еңбек жолын насихаттауға арналған шараға аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Эльмира Абсатова, қоғамдық даму бөлімінің әдіскері Меруерт Абдреева және Аққум ауылдық «Ақзия» әйелдер қоғамының төрайымы Бибайша Тоқтаулова мен ауыл тұрғындары қатысты.



барлығын екен мен ағана беріп жібереміз» деп тоқыма тоқудың қыр-сырын үйреткен. Сонда кейіпкеріміз ойын баласы болса да, әжесінің «өкенең аяғы тоңып жүр екен, соған арнап шулық тоқы» дегенде тұлға түнді ұйқысыз өткізіп, шамның жарығымен кішкентай қолдарымен өкене деген сағынышын киім тоқу арқылы басқанын айтты.

Оның айтуынша, әжесі соғысқа аттанар алдында қораларында екі тай болыпты. Бір күні әжесі сол екі тайды басқа ауылға апарып сатып, орнына қой мен түе жүгін әкелген. Әкелген жүнді майдалап түтіп, шүйкелеу жұмыстары кейіпкеріміздің мойнына жүктелген. Кейін дайын болған жүннен анасы мен әжесі шалбар, шалма тоқып, майданға жіберіп отырған.

Айта кетейік кейіпкеріміз 4 ағайынды. Соғыс жылдары ол үйінің жалғыз баласы болған. Әжесі майданнан 1946 жылы елге аман-есен оралған соң артынан 1 қыз, 2 ұл ергенін айтты. Ал ағасы 1948 жылы елге келіп, шаңырақ көтеріп, ұл-қыз сүйген.

Шарқұл әже 26 жасында тұрмысқа шығып, еңбекке ерте араласты. Талай жыл сауыншы қызметін атқарған ол күніне екі мезгіл 35-40 сиырды қолмен сауғанын айтты. 12 сәбиді өмірге әкелген ол – бүгінде олардан тараған 38 нәмере, 40 шөберенің әжесі.

Ауыл тұрғындарымен кездесуге келген қадірлі қонақтың бірі – Раш Ысқақова. Кейіпкеріміздің әжесі Болтай Текебаев та ел басына күн туған қиын шақта қолына қару алып, майданға аттанған. Раш әже ол кезде небәрі үш жаста ғана, әжесінің бейнесі жандыда еш сақталмағанын мұңая еске алды. Әке мейірімін көрген кейіпкеріміздің балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келіп, оны еңбекке ерте бейімдеген.

Талай шаңырақтың шарттығын шайқаған соғыс аналарды жесір, балаларды жетім

етті. Раш әжеңің айтуынша, аядай ғана бір ауылдың өзінен 18 жас келінік жесір қалған. Соның бірі – кейіпкеріміздің анасы. Ол небәрі 24 жасында жолдасынан айырылған. Күнкеріс қамымен анасы ауылдағы әйелдермен бірге басқа жаққа қанал қаузаға кетіп, Раш әжеңің өзінің анасының, яғни нағашы әжесінің қолына қалдырған.

Балалық шағы қиындықпен өрілген әжеміз кездесуде бала болып ойнамағанын, анасы жұмыстан келгенше нағашы әжесіне жәрдемдесіп, ерте өсейтін айтты. Сөзіне сүйенсек, бір күні нағашы әжесі өмірден өтіп, анасы ауылға қайта оралған. Отбасының тіршілігін түзеу үшін анасы ауылда сауыншы зейнеткерлікке шыққанға дейін істеген. Раш әже де анасының жанында жүріп, еңбекке ерте бейімделіпті. Жетінші сыныпты бітіре салысымен өзі де сауыншылық қызметке кірісіп, еңбек жолын бастаған.

Небәрі 17 жасында тұрмыс құрып, 10 баланы дүниеге әкелген батыр ана 40 жыл бойы сауыншы болған. Таңның атысынан кеш батқанға дейін тынымсыз еңбек еткен ол перзенттерін адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеген. «Кезінде өзім оқи алмадым, бірақ балаларым білім алсын» деген арманын жүзеге асыру үшін бар тапқан табысын балаларының білім алуына жұмсап, олардың өмірден өз орнын тауып, елге адал еңбек етуіне өз үлесін қосқан. Бүгінде балалары жоғары білім алып, шаңырақ көтеріп, анасына 21 нәмере, 34 шөбере сүйдіріп отыр.

Тыл ардагері Күлайша Әбіқызы да шараға арнайы қатысып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Айтуынша, оның үйінен соғысқа әжесі мен ағасы, яғни әжесінің інісі аттанған. Әжесі соғыстан аман-есен оралып, ағасы майдан даласында ерлікпен қаза

тапқан. Кейіпкеріміздің анасы 8 рет құрсақ көтерген. Әжелері соғысқа аттанғанда анасы 4 қызмен жалғыз қалған.

Ол майдандағы әжесі мен ағасына арнап анасы мен өкпелерімен бірге шулық, қолғап тоқып, егін шаруашылығымен айналысқанын айтты. Соғыс оның балалық шағын ұрпақ қана қоймай, еңбекке ерте баулыған. Ол тыл ардагері ғана емес, 11 баланы өмірге әкелген батыр ана. Бүгінде балаларынан тараған 25 нәмере, 19 шөберенің әжесі. Ақжұалықты ананың күнде-сінең «Алтын алқа» медалі мен «Еңбек және Тыл ардагері» медалі орын алды.

Иә, соғыс кімге болса да оңай тимейтіні анық. Майдандағы ұрыс даласында жауынгер аталарымыз бен әкелеріміз ерлік көрсетсе, ауылдағы еңбек майданында да әжелеріміз бен аналарымыз тылда тынбай еңбек етті. Олар «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен ер азаматтармен қатар жұмыс жасады. Сондықтан олардың жеңіске қосқан үлесі зор. Ақжаулықты аналарымыздың қатысуымен ауылдық мәдениет үйінде түрі тағылымды кездесулер өтіп тұрады.

Шара соңында ардагер аналарымыз батасын беріп, «біз көрген қиындықты сендер көрмедің, ел аман, жұрт тыныш болсын» деп ақ тіпектерін жаудырды. Шараға арнайы қатысқан аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Эльмира Абсатова бүгінгі кездесудің маңызына тоқталып, тыл ардагерлеріне аудан әкімі Ардак Ибраимовтың алғыс хатын атады. Ел еңесінен тіктеуде өрен еңбек еткен ардагер аналар қауында сыр-құрметке лайық. Уақыт өткен сайын олардың еңбегі еселеніп, жас бұынға насихаттала бермек.

Сезім НҰР

Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелініп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*  
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 87242/40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
Таралымы 2983 Тапсырыс №779